

Kia Sorento



Movement that inspires



Табиғатпен үйлесім тапқан жаңа Kia Sorento

Жаңа Sorento сыртқы батыл әрі ширақ бейнесімен көздің жауын алып қана қоймайды. Ол табиғаттың күші мен даналығын пайдалана отырып, саналы түрде саяхат жасауға мүмкіндік береді.

Кедергілерден қорықпайды

Автокөліктің артқы бөлігінің дизайны үйлесімді әрі тиімді. Артқы тік шамдары Sorento-ға айқын көрініс береді, әсіресе қараңғы уақыттарда. Қара диффузоры бар бампердің үлкен жапсырмасы кроссовердің қолайлы екенін, кедергілерді еңсеруге дайын екенін баса көрсетіп тұр.





Сіз үшін жасалған салон

Интерьері шағын әрі көлденең аймақтарға бөлінген. Салон дизайнының маңызды элементі - барлық дисплейлер біріктірілген үлкен панорамалы экран. Дисплей графикасы әдемі әрі көрнекі. Басқару элементтері интуитивті түрде түсінікті етіп орналастырылған, оларға қол жеткізу ыңғайлы, қатты алаңдатпайды. Салон таза, біркелкі пішіндері мен сызықтары бар кеңістік секілді, бұл өзіңізді жинақы ұстауға, анық әрі нақты ойлауға көмектеседі.

Ештеңе көзден таса қалмайды

Кейде технологиялар біз ойлағаннан әлдеқайда көбірек көмектеседі. Жаңа Sorento-дағы жүргізуші интерфейсі көлденең бағытталған, ал оның барлық ауқымды функционалы қабылдау үшін ыңғайлы әрі қарапайым ұйымдастырылған. Мұндай қарапайымдылық автокөлікті терең оймен, ыңғайлы және қауіпсіз басқаруға мүмкіндік береді.



«Мультимедиа»/ «Климатты басқару» ауыстырып-қосу түймешесі

Пайдаланудың ыңғайлылығы мен тиімділігі «Мультимедиа» және «Климатты басқару» режимдері арасында контроллерді ауыстырып-қосу мүмкіндігінің арқасында қамтамасыз етіледі.

Панорамалық иілген монитор

Біріктірілген иілген экран жай ғана әдемі емес, бұл жүргізушінің назарын ақпаратқа бұруды жеңілдетеді. Жоғары сапалы үлкен форматты кескіндер деректердің еш кедергісіз, нақты көрсетілуін қамтамасыз етеді.



Сымсыз қуат беру панелі

Резеңке жабыны бар сымсыз қуат беру панелі орталық консольде орналасқан және үйлесімді смартфондарға жылдам қуат беруге мүмкіндік береді.



Ешқайсыңызға тар болмайды

Жаңа Sorento сапарлардағы жайлылық деңгейін жаңа биіктерге көтереді, бұл материалдар мен әрлеу сапасына, орындықтардың сенімділігі немесе ойдағыдай жабдықталуына қатысты айтылған. Жаңа Sorento-да әрқайсысыңыз жақсы бүйірлік қолдаудың арқасында ыңғайлана отырасыз. Кең, жарық әрі қолайлы интерьер әр сапарды бұрынғыдан да жағымды етеді. Сұлулық тек көліктің терезесінен тыс табиғатта ғана емес, оның интерьерінде. Айналаңыздағы нәрсенің бәрі әдемі.



Бірінші қатардағы демалу қызметі бар орындық

Егер трансмиссия селекторы Park күйінде болса, жүргізуші мен алдыңғы жолаушы Relaxation қызметін іске қоса алады: алдыңғы орындықтар салмақсыздық күйінде жатуға болатын күйге ауыстырылады. Тіпті, аяққа да қосымша тірек ұйымдастырылған.

Бұрынғыдан да қонақжай

Жаңа Sorento автокөлікке отырмас бұрын сізді қарсы алуға дайындалады. Орындықтары автоматты түрде жылжиды, ал оған жақындаған кезде жүк салғыштың есігі ашылады. Бұл бөлшектердің бәрі сіздің өміріңізді жеңілдету үшін әрі ыңғайлы ету үшін жасалған.



Жүк салғыш есігінің электр жетегі

Smart key алып жүргенде автокөліктің артына тұра қалсаңыз, бірнеше секундтан кейін жүк салғыш автоматты түрде ашылады. Артқы есікті көтерілу биіктігін ыңғайлы етіп теңшеуге болады.



Ergo Motion жүргізуші креслосы

Ішінде жеті ауа ұяшығы бар эргономикалық орындық көлік жүргізу кезінде жүргізушінің жайлылығын қамтамасыз етеді.



Жолаушыларды отырғызуды жеңілдету жүйесі

Алдыңғы жолаушылар орындығының сол жағында орналасқан түймешені басу арқылы жүргізуші арқасын бүктеген кезде оны уақытша алға жылжыта алады. Осылайша, жолаушыларға орындықтардың артқы қатарына отыру немесе керісінше, автокөліктен шығу ыңғайлы болады.

Күшті. Басқарылатын. Қарқынды

Жаңа Sorento уақыт сынынан өткен қозғалтқыштармен және оңтайлы теңшеулері бар трансмиссиямен жабдықталған. Ол жолда туындауы мүмкін кез келген қиындықты қабылдауға дайын. Тежеу тетігі сенімді әрі тамаша басқарылады, жаңа аспа тамаша бірқалыпты жүрісті қамтамасыз етеді. Sorento динамикасы сіздің ойыңыздағыдан да асып түседі.



Кез келген жағдайға дайын

Автокөлікті қозғалтқан сәттен бастап оны қайта тұраққа қояр сәтке дейін Sorento сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етеді. Жоғары технологиялық қауіпсіздік пен жүргізушіге көмек (ADAS) жүйелері мен берілгілері қауіп-қатерді болжауға және оларға жол бермеуге арналған. Сондай-ақ жылдамдықпен жүретін жолда да, тар тұраққа кірген кезде де сенімді қолдау көрсетеді.



Drive mode қозғалыс режимдерін таңдау

Айналмалы ауыстырып-қосқышты жай ғана бұрау арқылы қолайлы режимді таңдаңыз. Қолжетімді режимдер: сіздің жүргізу тәсіліңізге сәйкес келетін интеллектуалды оқыту алгоритмі бар COMFORT, ECO, SPORT және SMART.

Terrain Mode режимдерін басқару

SNOW, MUD және SAND режимдері әртүрлі зат беттерінде оңтайлы ілінісуді қамтамасыз етеді. Режимдер аспаптар панелінде және мультимедиа жүйесінің дисплейінде көрсетіледі.

Жол жағдайына бейімделу жүйесі (Terrain Mode Select)

Жаңа Sorento жабдықталған Terrain Mode толық жетекті жұмыс режимдерін таңдау жүйесі қар, балшық немесе құм сияқты нашар жабынмен ілінісу жағдайында қауіпсіз әрі сенімді қозғалысты қамтамасыз ету үшін бүкіл күш агрегаты мен трансмиссияның оңтайлы жұмысын қамтамасыз етеді.

SNOW режимі*

Толық жетекті жүйе тайғақ, қарлы жолдарда тарту күшінің таралуын оңтайландыру арқылы артқы дөңгелектерге қуат беруді реттейді.

MUD режимі*

Балшық жолдардағы дөңгелектердің бірі сырғып бара жатқанда жүйе автоматты түрде жабынмен жақсы ілінісетін дөңгелектерге тарту күшін беруді арттырады.

SAND режимі*

Алдыңғы және артқы осьтер арасындағы қуатты, сондай-ақ құм жабынындағы жеке дөңгелектердегі айналу сәті мен тежеу күшін автоматты түрде бөледі.

* SNOW — қар, MUD — балшық, SAND — құм.



Проекциялық дисплей 10"

Қозғалыс туралы ең маңызды ақпарат жүргізушінің көз алдында алдыңғы әйнектің төменгі жағындағы проекциялық дисплейде көрсетіледі, сіз оны қашанда жолға алаңдамай-ақ, оқи аласыз.



Жолақтағы қозғалыс көмекшісі (LFA)

Бұл автокөлікті таңдалған қозғалыс жолағының ортасында ұстап тұруға көмектеседі, ол үшін алдыңғы камераны пайдаланады, белгіге немесе алдыңыздағы қозғалып келе жатқан көлікке назар аударады, сонымен қатар рульдік басқарудың көмегімен дұрыс қалыпты сақтауға көмектеседі.



Үнемі сергек жүреді

Жаңа Sorento қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін ADAS технологиясының соңғы буынын пайдаланады, бұл назар аударуға және қозғалыс процесін бақылауға көмектеседі. Берілгілер басқа көлік құралдарына және жаяу жүргіншілерге дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтауға және нақты уақыт режимінде күтпеген жағдайларға жауап беруге көмектеседі.

SCC интеллектуалды круизді бақылау алдыңғы көлікке дейінгі қауіпсіз қашықтықты және сіз белгілеген жылдамдықты сақтауға көмектеседі. Егер алдыңғы көлік баяулап, уақытша тоқтаса, Sorento автоматты түрде тоқтап, содан кейін қозғалысын жалғастырады.



Автокөліктің жасырын аймақтағы соқтығысуына жол бермеу жүйесі (BCA)

Жолақтарды ауыстыру кезінде жасырын аймақта қалған басқа автокөлікпен соқтығысу қаупін ескертеді. Параллель тұрақтан шыққан кезде автоматты түрде көмекке келеді. Егер артқы жағынан келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаса, шұғыл тежеуді басады.



Тұраққа артқы жүріспен кіретін кезде соқтығысудың алдын алатын көмекші (PCA)

Егер артқы жүріспен қозғалған кезде автокөліктің артындағы нысанмен соқтығысу қаупі болса, ескерту жасайды. Егер мұндай ескертуден кейін соқтығысу қаупі артса, автоматты түрде төтенше тежеуді іске қосады.



Бетпе-бет соқтығысудың алдын алатын көмекші, жүйенің екінші буыны - FCA 2

Айналаны бақылайды, автокөлігіңіздің басқа көлік құралымен, жаяу жүргіншімен немесе велосипедшімен соқтығысу қаупі бар болса, ескерту жасайды. Қауіп басылмаса, FCA 2 тежегіш жүйесін автоматты түрде іске қосады. Сонымен қатар көшелердің қиылысында солға бұрылатын кезде қарсы бағытта келе жатқан автокөлікпен немесе оң жақтан не сол жақтан көлденең бағытта келе жатқан автокөлікпен соқтығысу қаупін анықтаған кезде FCA 2 төтенше тежеуді іске қосады. Жолақты ауыстырған кезде қарсы келе жатқан автокөлікпен, велосипедшімен немесе жаяу жүргіншімен соқтығысу қозғалыс траекториясында соқтығысу қаупі анықталса немесе артқы жағынан басқа автокөлік жақындаса, FCA 2 қауіптің алдын алуға көмектесу үшін рульдік басқарудың жұмысына автоматты түрде араласады.



SVM айналаны шолу жүйесі

Тұраққа қауіпсіз қою үшін автокөлікті қоршаған ортаның әртүрлі қырынан көрсету арқылы экранға шығаруға мүмкіндік береді.

Опциялар



Қара жылтырмен әрленген радиатор торы



Жарықдиодты фаралар



Жарықдиодты артқы шамдар



Радиатордың қара торы



Проекциялық жарықдиодты фаралар



Қарапайым артқы фаралар



Артқы әйнектегі жасырын әйнек тазалағыш

Дөңгелек дискілері



Жеңіл қорытпалы дискілер 17"



Жеңіл қорытпалы дискілер 18"



Жеңіл қорытпалы дискілер 19"



Жеңіл қорытпалы дискілер 20"



Supervision 4.2" аспаптар панелі



12 динамигі бар Bose® премиум санатты аудиожүйесі



Бірінші қатардағы орындықтардың артқы жағындағы қосымша USB қуат беру құрылғылары



Жүргізушінің орындығын реттеу жады



Педальдардағы/ есік табалдырықтарындағы металл төсемдер



Түймешені басу арқылы екінші қатарға оңай кіру жүйесі



Орындықтардың үшінші қатарына арналған кондиционер



Екінші қатардағы орындықтарға арналған күннен қорғайтын перделер



Рульдің астындағы берілістерді ауыстырып-қосу «жапырақшалары»

Түстері

Ішкі әрлеу түстері



Қара Былғары Тірісі бар мата



Сұр Былғары Тірісі бар мата

Алдыңғы панельді әрлеу



Металданған жабын Ағаш құрылымы бар әрлеме Жіңішке сызықты өрнектер

Шанақтың түсі



Clear White (UD) Snow White Pearl (SWP) Steel Gray (KLG) Silky Silver (4SS) Interstellar Gray (AGT) Gravity Blue (B4U) Cityscape Green (CGE) Volcanic Sand Brown (BN4) Mineral Blue (M4B) Aurora Black Pearl (ABP)

Габариттік өлшемдері (мм)



Өмірге жаңаша қара. Жаңа Sorento

Sorento - бұл жолдағы керемет әрі сәнді көлік қана емес, одан да артық. Оның көмегімен әлемнің сұлулығын жаңаша бағалай аласыз. Бұл автокөлікті басқару кезінде сабырлы әрі демалуыңызға, қоршаған ортамен үйлесуге мүмкіндік береді.



Kia Sorento

www.kia.com.kz

Ресми kia.com.kz сайтынан көбірек ақпарат алыңыз

Ақпараттық Kia желісі: 555

Барлық ақпарат пен суреттер басып шығару кезінде қолжетімді мәліметтерге негізделген. Компания алдын ала ескертпей-ақ өзгерістер енгізуге құқылы. Жабдықтың толық тізбесін және қосымша мәліметтерді «Allur Motor Qazaqstan» ЖШС ресми дилерлеріне жүгіну арқылы алуға болады.

Автокөліктің сыртқы түрі жарнамада көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

5 жыл немесе 150 000 км кепілдігі www.kia.com.kz сайтында және автокөліктің сервистік кітапшасында көрсетілген шарттар негізінде жарамды.

